

«АРМАНДАУШЫ, РЕАЛИСТ ЖӘНЕ СЫНШЫ» ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КРЕАТИВТІ ӘЛЕУЕТІН ДАМУ

*Нурбекова С.М.¹

*ҚазҰҚызПУ, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақала болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативтілігін дамытудың бүгінгі деңгейі мен маңыздылығы, сондай-ақ болашақ мұғалімдердің жаңашылдықтарды игеріп қана қоймай, жалпы қоғамда, соның ішінде білім беру жүйесіндегі жылдам өзгерістерге дайын болу мүмкіндіктері егжей-тегжей қарастырылады. Өйткені, мұндай өзгерістер мұғалімнің жеке тұлғасының өзгеруін, үнемі өзін жетілдіруін, шығармашылық белсенділігінің шыңдалуын талап етуде. Зерттеу барысында цифрландыру, жаһандану, қолданбалы дағдыларды дамыту және үнемі жаңартылып отыратын білім беру стандарттары жағдайында болашақ мұғалімдерді даярлауда педагогтердің креативтілік құзыреттілігін жетілдіруі, өзін-өзі дамытуы, тәжірибеде қолдануға ұмтылуы, креативтілікпен жаңа идеялар іздеуі өз кәсібіне деген жауапкершілігін арттырудың жолдары қарастырылды. Креативтілік пен оның деңгейлері, креативті тұлға ұғымдарына байланысты зерттеушілердің еңбектеріне талдау жасалды. Болашақ мұғалімнің креативтілігін дамытудың шарттары ретінде өзін-өзі дамытудың жоғары деңгейіне жету, креативті ортада тәжірибе алмасу, педагогтерге қолдау көрсету жолдары ғылыми түрде дәлелденді. Болашақ мамандардың креативтілігін дамытуға негіз болған Роберт Дилтстің «Армандаушы, реалист және сыншы» әдісін қолданудың тиімділігін анықтауда Дельфи әдісі, Эдвард де Бононың латеральді ойлау (бүйірлік ойлау), Уильям Гордонның «Синектика», өнертапқыштық есептерді шешу теориясы сынды тиімді әдіс-тәсілдердің сараланды. Сонымен қатар, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативтілігін анықтау үшін қолданылған Этанислао Бахрахтың бірнеше техникасы көрсетіліп, қорытындысы жасалды. Әдістеме негізінде мәселеге басқа қырынан қарауға, ұғымды ассоциациялау арқылы терең түсініп, әрекет етуге, креативті ойлауға кезендермен жетуге үйрету деңгейлері анықталды. Сондай-ақ, білім алушылардың креативтілігін жетілдіруде өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жүзеге асыру, шығармашылыққа ізденімпаздықпен ұмтылудың маңыздылығы айқындалды.

Тірек сөздер: креативтілік, білім сапасы, болашақ мұғалім, креативті тұлға, «Армандаушы, реалист және сыншы» технологиясы, шығармашылық ойлау, идея, оқыту тиімділігі, креативтік әдістемелер

Кіріспе

Негізгі ережелер. Жүргізілген зерттеу нәтижелері келесі қағидаларды анықтауға негіз болды:

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативтілігін дамытудың бүгінгі деңгейі мен маңыздылығы, сондай-ақ болашақ мұғалімдердің жаңашылдықты игеруге, жалпы қоғамда, соның ішінде білім беру жүйесіндегі жылдам өзгерістерге дайын болу мүмкіндіктері мен біліктілігіне негізделуі керек;

Елімізде сапалы білімге қол жеткізу - басты мәселелердің бірі. Қазақстан Республикасының Білім Заңында білім беру жүйесінің міндеттерінің алғашқысы «ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері

негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» деп көрсетілген[1].

Сапалы білім оқу үдерісінің тиімділігіне тікелей байланысты. Ал, тиімді оқу үдерісін ұйымдастыру педагогтың креативтілік құзыреттілігінен туындайды. Мұғалімнің оқушылармен өзара әрекеттесуде таптаурын болған тәсілдерді қолдана бермей, жаңа, ерекше әдіс-тәсілдерді тауып қолдана білуі, материалды нақты оқушылардың қажеттіліктеріне, олардың ерекшеліктері мен қызығушылықтарына қарай бейімдеуі, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасауға ұмтылуы педагогтің креативтілігін байқатады. Креативті педагог педагогикалық іс-әрекетінде бірегей жеке дара тұлға қалыптастыра алуымен анықталады.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Экономиканы өркендетуге және халықты жұмыспен қамтуға ықпал ететін тағы бір бағыт – медиа, кино, музыка, дизайн, білім беру, ақпараттық технология салаларын қамтитын креативті индустрия.....Қазіргі заманда азаматтардың шығармашылық әлеуетіне және зияткерлік капиталына арқа сүйейтін «креативті өндіріс» салалары шынайы инклюзивті экономиканы дамытудың қайнар көзі саналады....Дарынды азаматтарды өзіне тартатын орындар, яғни креативті индустрия орталықтары барлық облыс орталығында болуға тиіс. Онда креативті адамдардың өз өнімін коммерцияландыруына көмек көрсетілуі керек» делінген [2]. Олай болса, құжатта еліміздің экономикасын өркендетуге креативті индустрияны креативті тұлғалардың шығармашылық еңбегі арқылы дамытуға қол жеткізетінімізді меңзейді.

Ал, креативті тұлғалар, креативті адамдарға кімді жатқызамыз?

Михай Чиксентмихайи креативтіліктің өмір салты ретінде не екендігін, оны неліктен дамыту керектігін, ол әрбір адамға, жалпы қоғамға не үшін қажеттігін, дамуына қандай факторлар әсер ететінін, жаңа идеялар мен бейнелер қалай туындайтынын, креативтілік арқылы адам өмірін қалай байытып, тіптен күнделікті өмірде қалай бақытты болуға болатынын ғылыми түрде негіздеген. Психолог креативтілікті арттырудың бірнеше түрлі идеяларын алға тартады. Мысалы, адам таң қалу үшін таң қалатындай жаңа дүниелерге тап болу керек. Өзге адамдарды таң қалдыруға тырысу керек. Мәселені анық білу үшін оған түрлі көзқараспен қарауға тырысуды және тағы басқа жолдарды ұсынады.

Автор креативті адамдарды үш топқа бөледі. Алғашқысы ретінде аталған терминнің күнделікті сөйлеуде қолданылуын атайды. Әдетте креативті тұлға стандартты емес ойлауын көрсете отырып, қарым-қатынасқа қызығушылық танытатын және әңгімелесушілеріне ой салатын, өте ақылды, білімді адам. Демек, креативті адам жақсы сұхбаттас, түрлі қызығушылықтары бар, ойлауы өзгеше адам десек болады.

Екінші, креативті адамдар ұғымын әлемді жаңа және ерекше түрде қабылдайтын адамдарға қатысты қолданылады. Айналада болып жатқан

оқиғаларды қалыпты түрде емес, терең бағалайтын, тек өзі білетін маңызды жаңалықтарды жасай алатын, ерекше адамдар.

Үшінші топқа Леонардо да Винчи, Эдисон, Пикассо, Эйнштейн сынды қоғамды өзгертуге септігі тиген, жетістіктері халық игілігіне айналған талантты тұлғаларды, нағыз креативтерді жатқызады.

Педагогтер өздерін үнемі жетілдіріп, жастарға орын ашуға ұмтылатыны белгілі. Ақылды қоғам үшін бізге жоғары білікті және жақсы дайындалған мұғалімдер қажет. Сонымен қатар, болашақ ұстаздар да осындай қасиеттерге ие болуы керек. Болашақ мұғалімдердің зияткерлік білім деңгейін арттыру және креативтіліктерін дамыту үшін бұл дағдыларды студенттерге білім алудың алғашқы жылдарында беру ұсынылады [8].

Олай болса, біз өз тәжірибемізде болашақ педагогтердің креативтілігін дамытудың оның болашақ кәсіби қызметі үшін маңыздылығын түсіне отырып, студенттерді қоғамдағы немесе білім беру саласындағы мәселені анықтауға, ол туралы ақпараттар жинауға, талдауға, оның шешімін өз бетінше іздеуге, нәтижесін шығаруға, кері байланыс жасауға, зерттеу жұмыстарына қызықтыруға тартамыз. Бұл мәселеде білім алушылардың өзіндік дамытуға тиісті қасиеттері де ерекше назар аударуды қажет етеді.

Мақаланың басты мақсаты – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативтілігін дамыту, мәселелерді ерекше жолмен шешу, тәуекелге бару, белсенділікке, ізденімпаздыққа баулудың тиімді әдістерін, олардың қолданылуын үйрету және тиімділігін анықтау.

Зерттеудің нысаны болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің білім алу барысында креативтік әдістемелерді пайдалана білуге дайындығы болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Креативтік әдістемелер дегеніміз жақсы идеялар, түрлі мәселелерді шешудің жаңа, ерекше жолдарын ойлап табуға ықпал ететін әдіс-тәсілдер мен техникалардың жиынтығын білдіреді. Бұндай әдістемелер тапсырмаларды нақтырақ тұжырымдауға, идеялар табу үдерісін жылдамдатуға, сол мәселеге байланысты тереңірек мағлұмат алуға және психикалық кедергілерді жоюға көмектеседі. Әдіс-тәсілдер ойлау тәртібі мен бағытын көрсететіндіктен жақсы идеялар табудың ықтималдығы артып, міндетті түрде мәселенің шешімі табылады. Әдістерді қалай іздеу керектігін ұйымдастыру және тиімді ету арқылы идеяларды іздеуге кететін уақытты қысқартады. Қазіргі кезде білім беру салаларының тәжірибелерінде жеке адамның, жұптың немесе топтың жұмысына әзірленген креативтік әдістемелердің түрлері қолданылуда.

Жалпы алғанда автордың ойы жеке тұлғаның креативтік әлеуетін көтеру мәселесіне келгенде креативтіліктің «жүйелік тәсіліне» негізделген. Кез келген креативті идея басқалар түсінетіндей етіп тұжырымдалуы керек, оны сол саланың сарапшылары тексеріп барып, енгізуі керек. Осы жүйелік тұрғыдан

алғанда, автор «креативті тұлға» деп ойы немесе әрекеті сол қызмет саласын өзгертетін немесе жаңа қызмет саласын тудыратын тұлғаны атайды[3].

Роберт Дилтс «белгісіздік пен өзгерістер жағдайында болашақты тиімді және тұрақты түрде анықтауға, басқаруға және алға жылжуға мүмкіндік беретін дағдылар мен құзыреттерді «болашақтың дағдылары» деп атайды. «Болашақтың дағдыларын» екі негізгі себеп бойынша: өз тиімділігін арттыру және өзгерістер үдерісін басқаруды үйрену үшін дамыту керек деп санайды. Бұл мақсаттарға жету адамнан оқу, көшбасшылық, әсіресе креативтілік сияқты салаларда сауатты болуды талап етеді. Автор креативтілік пен инновация үдерістерін басқаруға мүмкіндік беретіндіктен, нейролингвистикалық бағдарламалаудың когнитивтік және мінез-құлық технологияларының тұлғалық және ұйымдастырушылық оқыту стратегияларының, коммуникативтік және көшбасшылық дағдыларды әзірлеу мен қолданудың маңызды рөл атқаратыны туралы айтады.

Ғалым креативтілік үдерісті микро және макро деңгейде анықтауға және басқаруға қызмет ететін модельдер мен құралдарды ұсынды. Креативтіліктің микроаспектісі адамның жеке шығармашылық әрекетінің негізінде жатқан оның ой-толғаныстары мен субъективті тәжірибесіне қатысты болса, макро аспектілері екі адам арасындағы немесе топ ішіндегі өзара әрекеттесуді арттыру әдістеріне және креативті үдерістің ұйымдастырылуы мен мәселелерді ұйымдық шешу контекстінде алатын мәніне қатысты екендігін жазады [4].

А.Маслоу «Креативтілік туралы айтатын болсақ, жай ғана басқа көзқараспен және былай айтқанда, бұрынырақта көзқарастың жаңалығы, қабылдаудың тиімділігі, заттардың болмысын түсіну тереңдігі ретінде сипатталғанын байқаймыз. Бұл адамдар басқалардан гөрі жақсы байқайтын тәрізді. Сондықтан олар айналасындағыларға шығармашыл болып көрінеді. Сонымен қатар, өзін-өзі жүзеге асыратын адамдар ашық, өздерін шектемейтініне, мәдениетті де қатаң сақтай бермейтініне көз жеткіздік. Жағымды терминдерді қолдана айтсақ, олар алдын-ала болжап болмайтын, шынайы, адамгершілігі мол адамдар. Мұның бәрі креативтіліктің байқалуына ықпал етеді» дейді [5, 204].

Э.С. Васючкова «Креативтілік – бұл адамның өзіндік мүмкіндіктерін іске асыру үдерісінің белсенді басталуымен сипатталатын ағым, оған психикалық дамудың жеткілікті жоғары деңгейі, яғни білімнің үлкен көлемі, қалыптасқан логикалық ойлау, жаңа ақпаратты меңгеру және оны бекіту, өзінің жаңалықтарын қосу арқылы бар білімін жетілдіру (мәселелерді шешуге жаңа көзқарас, жаңа жинақталған тәжірибе, ерекше қызмет түрлерін пайдалану, жасырын мүмкіндіктерін барынша пайдалану және т.б.) жатады. Жеке тұлғаның айтарлықтай даму резервтері бар. Оларды анықтау және пайдалану, жеке тұлғаның өзге іс-әрекет түрлеріне қатысуына мүмкіндік беретін жаңа қасиеттерге ие болу, тұлғааралық қарым-қатынастар жүйесінің өзі барынша өзін-өзі жүзеге асыруды, асқан табандылықты, қоршаған ортаның кедергілері мен қақтығыстарына қарсы тұруды талап етеді. Бұлар креативтілікке тән белгілер болып табылады» деп жазады.

Бұл мәселені зерттеуші ғалымдар креативтілік тұлғаның өзін-өзі танытуымен және өзін-өзі өзектілендірумен тығыз байланысты, сонымен қатар ол тұлғалық өсудің негізі болып табылады деп тұжырымдайды. Сондай-ақ, ол қоғамды ізгілендірудің маңызды резерві болып табылады. Өйткені креативті тұлғаны мол ақпарат алуға болатын, бейресми ұйымдастырылған оқытудың еркін және жайлы ортасын қамтамасыз ететін дамытушы орта, мәдени ерекшеліктер, қоғамдық дәстүрлер мен құндылықтар қалыптастырады[6].

Сонымен, зертеуші, ғалымдардың креативтілік туралы анықтама, пікірлерін қорыта келе, креативті тұлғаларды қызығушылықтары, ойлауы өзгеше, жаңа заттар мен қызмет түрлерін ұсыну немесе жетілдіру арқылы өмірді, қоғамды өзгерте алатын ақылды, білімді, шынайы, тәуекелшіл, адамгершілігі мол, байқампаз адамдар деп санайтынын байқадық. Сонымен қатар, «Адамның шығармашылығын сыни қабылдамау да, мүлдем жоққа шығару да бізді алысқа апармайтындығын» ескере отырып[3, 322], креативтілік пен инновациямен қатар, барды сақтау мен тәжірибедегі дәстүрлі дүниелерді ұмытпау да маңызды екенін айтқымыз келеді.

В.Г. Рындак педагогикалық пәндер бойынша дәрістерде, семинар сабақтарында тақырыпты зерделеу кезінде, педагогикалық іс-тәжірибені өткізуге дайындық барысында пәндерді оқып игеруге ішкі мотивацияны жүйелі түрде қалыптастырудың маңыздылығын, ақпаратпен іздеу, талдау, құрылымдау арқылы жұмыс істеуді, басқаларды тыңдау, сұрақтар қою, оларға жауап беру негізінде аудиторияда жұмыс істеуге, сыни тұрғыдан түсінуге және тұлғаның креативтік нәтижелерін көрсетуге үйрететіндігін атап өтеді.

Ғалым тәжірибелерінде болашақ педагогтердің креативтілігін қалыптастыру студентті инновациялық іс-әрекет тәжірибесімен таныстыру, инновацияның оң және теріс әсерін қадағалау, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі жүзеге асыруға, «Мен» тұжырымдамасын қалыптастыруға бағдарлау, іріктелген инновацияларды сынақтан өткізу, оларды енгізу кезінде болашақ педагогтердің бастан кешіретін қиындықтарын көрсету, бар тәжірибені түрлендіру, күрделі және өзекті педагогикалық мәселелерді шешудің жаңалығы мен өзіндік ерекшелігі туралы кері байланыс алу, инновацияларды бағалау критерийлерін түзету, қолданбалы аспектіде идеяны дамыту және оны тәжірибеде қолдану, инновацияларды енгізудің тәуекелдерін анықтау арқылы жүзеге асыратынын жазады [7].

А.Маслоу «өзін-өзі таныту креативтілігінің» әлдеқайда кең таралғанын және жеке тұлғамен тығыз байланыста, күнделікті өмірде шығармашылықтың тек керемет және танымал өнімдерінде ғана емес, сонымен қатар көптеген басқа жолдармен, мысалы, әзілдей білу сезімі, белгілі бір істерді (оқыту және т.б.) шығармашылықпен жасауға бейімділіктен байқалатынын айтады [5, 223].

Креативтілікті дамытуда «Миға шабуыл», «Алты қалпақ», өнертапқыштық есептерді шешу теориясы, Дельфи әдісі, Эдвард де Бононың латеральді ойлау (бүйірлік ойлау), Уильям Гордонның «Синектика» және т.б. танымал әрі жиі қолданылатын әдістемелер болып табылады.

Мәселен, Роберт Дилтстің американдық аниматор Уолт Диснейдің атымен атаған рөлдік ойын түрінде жүзеге асырылатын әдістемесі қатысушылардың орындайтын тапсырмасын 3 түрлі, яғни, шығармашылық, шынайы және сыни тұрғыдан қарастырады. «Армандаушы, реалист және сыншы» деп аталатын бұл әдісті жеке де, топта да қолдануға болады. Топта қолданғанда қатысушылар үш рөлдік позицияны алады. Тапсырманы орындамас бұрын өзгертуге немесе жақсартуға қажет мақсатты немесе мазмұнды (оқу, жұмыс, жеке өмір, демалыс және т.б.) анықтап алу керек.

«Армандаушы» шығармашыл, мәселені шешудің түрлі, тіпті шындыққа жанаспайтын нұсқаларын ұсынатын қиялшыл адамның рөлін атқарады. Ойын басында кеңес бергенде оған барлық шектеулерді алып тастау, қиялдауды көрсету және ешқандай шарттарды ұстанбау ұсынылады. Яғни, оның ойында ертегідегідей, фантастикалық бейнелер болуы мүмкін. «Реалист» байсалды, прагматикалық позицияны ұстанады. Ол жұмысты қалай құруды, жоспарлауды және мәселенің шешімдерін жүзеге асыру үшін қандай қадамдар қажет екенін анықтайды. «Реалист» арманды жүзеге асыруға әрекет етеді және мақсатқа жету үшін қажетті әрекеттердің тізбесін ойластырады. «Сыншы» идеялардың құндылығын бағалауға тырысады, ұсыныстың қателерін тауып, әлсіз жақтарын анықтайды. Дисней техникасы сыни бағалау үдерісі мәселеден оқшауланып, жағдайға тұтынушының көзқарасы бойынша «сыртқы көзқараспен» қарауды қамтиды. «Сыншы» әртүрлі деңгейдегі критерийлерді логикалық қолдану арқылы мәселелер тудырмауға және сапаны қамтамасыз етуге ұмтылады. Рөлдік ойын барысында қатысушылар рөлдерін ауыстырып, мәселені шешімі табылғанша талқылауды жалғастыра алады. Р.Дилтс техниканы жетілдіріп, көрсетілген үш рөлге қосымша бейтарап бақылаушы (сарапшы) рөлін енгізді. Мәселені бейтарап сипаттау және тұжырымдау позициясынан бастап, шешімін табу үдерісін бейтарап қорытындымен аяқтауға болады[4].

Біз болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативтілігін дамыту үшін Эстанислао Бахрахтың бірнеше техникасын қолдандық. Аталған техникалар туралы айта кетсек, ғалым төмендегі тұжырымдық араластыру, мәселенің мәнін немесе себептерін іздеу және өзін мәселенің орнына қою сияқты әдістерде логикалық ойлау кедергісінен өту үшін кездейсоқтық элементі бар екенін жазған. «Бұл әдістердің қызығы, бір-бірінен алыс болса да екі түрлі нысанға, ұғымға немесе идеяға назар аудару арқылы ми олардың арасында байланыс орнатады. Бұл құбылыс, мысалы, метафораларды түсіндіреді. «Көзден кетсе, жүректен де кетеді» дегенді бәріміз түсінеміз. Бірақ, көз бен жүрек арасында тікелей байланыс жоқ. Біздің миымыз бір-бірімен байланысты емес екі ұғымды қабылдап, оларды байланыстырады» дей келе, бірнеше түрлі техникалар ұсынған.

Оның біріншісі - «Мен тапсырмамын» техникасы. Мақсаты: білім алушыларды мәселеге басқа қырынан қарауға үйрету. Жұмыс барысында студенттерге төмендегідей тапсырма беріліп, сұрақтарға жауаптар алынады. «Өзіңізді мәселе немесе оның бір бөлігі ретінде елестетіңіз. Жағдайға осы

тұрғыдан қараңыз. Мен тапсырмамның орнында өзімді қалай сезінер едім? Мен өзіме не айтар едім? Егер мен дамып келе жатқан идеяға айналсам не сезінер едім? Мен өзіме өзім қандай кеңес берер едім?»

«Тапсырманың мәні» техникасы. Мақсаты: білім алушыларды белгілі бір ұғымдарды ассоциациялау арқылы терең түсініп, әрекет етуге баулу. Жұмыс барысында студенттер тобына шығармашылық тапсырма беріледі. «Егер сізге берілген шығармашылық тапсырма - тыныш, еркін өмір сүру туралы болса, онда өзіңізге мынадай сұрақтар қойыңыз. Қандай заттар тыныштықты білдіреді? Не асығыссыз өмір сүреді? Тасбақалар ма? Тасбақа дегеніміз не? Осыған сүйене отырып, ассоциациялармен жұмыс істей бастаңыз және тапсырмаңызды шешу үшін идеялар ұсыныңыз».

«Өзара байланыстар» техникасы. Мақсаты: білім алушыларды креативті ойлауға кезеңдермен жетуге үйрету. «Егер сіздің тапсырмаңыз көлік жууға жаңалық енгізу болса, жуылатын нәрселердің (шаш, киім, көше, еден және т.б.) тізімін жасаңыз. Негізгі сөздер: «жуу орны», «жуу», «тазалау». Автокөлікті жууға қолдануға болатын байланыстар мен ассоциацияларды табыңыз» [9].

Нәтижелер және талқылау

Экспериментке Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің бастауыш сыныпта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасының 33 студенті қатысты. Тәжірибеге дейін білім алушылармен әңгімелесу жүргізілді. Зерттеудің мақсаты: білім алушылардың креативтілігінің деңгейін көтеруге жоғарыда аталған техникалардың тиімді ықпалын анықтау. Студенттер орындалған жұмыстардың ішінен бірінші техника бойынша тапсырмаға ұзақ уақыт жұмсады. Екінші және үшінші техникалардың тапсырмаларын жылдам орындады. Жұмыс барысында интернет көздеріне көмекке жүгінбеді.

Студенттерге «Тапсырманың мәні» және «Өзара байланыстар» техникалары орташа деңгейде болса, «Мен тапсырмамын» техникасы күрделілеу болды.


Тәжірибе қорытындысын Д.Киркпатриктің оқыту тиімділігін бағалаудың *жауап қату әсері, игеру, мінез құлық және нәтиже* болып бөлінетін деңгейлік әдістемесі бойынша анықтадық[10]. Студенттерден жоғары аталған техникаларды қолдануға байланысты сұрақтардан тұратын сауалнама алынды. Сауалнамаға білім алушылардың аты-жөнін жазуы міндетті емес, қаласа астына көрсетуге де болады. Сауалнама мазмұны 1-кестеде көрсетілді.

Кесте 1 – Сауалнама сұрақтары

Сұрақтар	Оң жауап	Теріс жауап	Бейтарап жауап
1.Тапсырма ұнады ма?			
2.Тапсырма несімен қызықты болды?			
3.Тапсырманың сізге қандай пайдасы болды?			

4.Тапсырма сізді ойландырды ма, орындап болған соң, не туралы ойда болдыңыз?			
5. Егер тапсырма күрделі болса, қалай өзгертер едіңіз?			
6.Тапсырманы орындауда неден қиналдығыңыз?			
7.Осыған ұқсас тапсырмалар орындау қажет пе?			
8.Өз тарапыңыздан қандай тапсырма түрін ұсынар едіңіз?			

Аталған сұрақтарға алынған жауаптарға талдау жасау барысында 93,9% студенттерге тапсырма ұнады, 69,6% студенттерге тапсырма шығармашылдығымен, креативті ойлауға баулуымен, салыстыруға мүмкіндік беретіндігімен, ассоциациялар арқылы ойша ұқсастықтар табуға итермелеуімен, ізденімпаздыққа жетелейтіндігімен, командалық жұмысқа жұмылдыруымен, қиялдауға шақыратындығымен қызықты болған. Білім алушылардың 87,8%-ына зейінін шоғырландыруға, «креативтілік» туралы кеңірек хабардар болуға, ойын сергітуге, мәселеге басқа көзқараспен қарауға үйренуге, жылдам шешім қабылдауға, топ мүшелерінің пікірлерімен келісуге пайдасын тигізді. 84,8% студенттер «өзіңді жансыз заттың орнына қою», «тапсырманың адамға сұрақ қоюы», өзінің өміріндегі қиялдың рөлі, «не ойлап табуға болатындығы», бір-біріне кереғар заттардың ұқсастығы, әлі пісіп жетілмеген идеялар, шағын тапсырманың күрделілігі, «шындығында тасбақаның неге асықпайтындығы», үлкен қалада асығыс өмір сүру, заттар мен құбылыстардың бір-бірімен байланысы туралы ойлады. Қатысушылардың 78,7%-ы тапсырмаға демеуші сұрақтар қосатындығын, сипаттаушы шағын мәтін қосуға болатындығын, «күрделілік туғызбайтындығын», тапсырманы орындау уақытын шектеу қажеттігін, студенттер санын тапсырмалардың күрделілігіне қарай бөлу керектігін жазды. 60,65% білім алушылар топ мүшелерінің пікірлерімен келісу, жылдам шешім қабылдау, мәселеге басқа қырынан қарау, шығармашылық көзқарас жұмысты қиындық тудырғанын білдірді. 78,7%-ы сабақ барысында осы берілгендерге ұқсас тапсырмалар орындаудың креативтілік деңгейлерін, топпен жұмыс істеу іскерліктерін көтеру және бір-бірімен келісімге келу үшін қажеттігін көрсетті. 45,4% тақырыпқа байланысты сөзжұмбақтар шешу және құрастыру, өмірдегі күнделікті оқиғалар немесе танымал шығармаларға, ұйымдастырушылық әрекеттерге байланысты, топтық, жеке, кешенді, шығармашылық, логикалық тапсырмалар түрлерін орындауды ұсынды. Әдістеменің тиімділігін бағалау қорытындысы 1-суреттегі диаграммада ұсынылды.



Сурет 1 - Әдістеме тиімділігін бағалау сауалнамасының қорытындысы

Д.Киркпатриктің оқыту тиімділігін бағалауда қатысушылардың реакциясы кем дегенде екі себеп бойынша оқытудың сәтті өтуінің өте маңызды критерийі екенін атап көрсетеді. Біріншіден, қатысушылар тренингтен алған әсерлерімен өзге білім алушылармен бөліседі де ақпарат таралады. Демек, ол осы тәсілмен оқытуды жалғастыру туралы шешімдерге әсер етеді. Екіншіден, егер қатысушылар оң жауап бермесе, олардың оқуға ынтасы болмайды. Киркпатриктің пікірінше, оң реакция жаңа білім, дағдылар мен дағдылардың табысты дамуына кепілдік бермейді. Жаттығуға теріс реакция, әрине, оқу ықтималдығының төмендеуін білдіреді[10]. Олай болса, жауап қату әсері деңгейіндегі оң пікірдегі жауаптардың пайызының жоғары болуы оқу ықтималдығының төмен емес екендігін, сонымен қатар білім алушылардың жоғарыдағыдай техникаларды қолдана отырып жұмыс істегенде табысты дамуына кепілдік бермегенмен нәтижесінің жоғарылауына ықпал ететінін байқадық.

Қорытынды

Сауалнама зерттеу мақсатына сай жүргізілді және жауаптарына салыстырмалы түрде талдау жасала отырып қорытындыланды. Қорыта келе айтарымыз, студенттерді креативтілігін дамыту үшін креативті мазмұндағы пәндердің көп болуымен қатар, олардың креативті идеяларын дамытатын әдістемелердің түрлендірілуі арқылы жетістікке жетеміз. Яғни, тұжырымдық

араластыру, мәселенің мәнін немесе себептерін іздеу, өзін мәселенің орнына қою және т.б. әдістерді тәжірибеде тиімді қолдану болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативтілігін жетілдіруге мүмкіндік береді.

«Болашақ мұғалімнің дайындығы кәсіби және өзін-өзі дамытуды қамтамасыз ететіндей құрылуы керек. Олардың кәсіби мүмкіндіктерін теориялық және практикалық тұрғыдан талдай білуі мен соның негізінде әрі қарай дамуға өзін-өзі дамытуға ұмтылысын ояту арқылы қол жеткізуге болады. Педагогикалық оқу орны болашақ мамандарды креативті педагогикалық іс-әрекетке дайындауы қажет, онда алынған кәсіби дағдылар да студенттің жеке тұлғасын дамыту құралы болады. Мұндай оқытудың ең маңызды құрамдас бөлігі - дамыған шығармашылық қиял және оны дамыту қабілеті. Терең білім құзырлы мамандардың жаңа буынын дайындау алаңы болса, креативті іс-әрекет оларға күнделікті кәсіптік салада артықшылық беретін трамплин болып табылады. Сондықтан қазіргі уақытта педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің креативті дағдыларын дамыту технологияларын әзірлеу ерекше өзекті болып табылады»[11]. Демек, тұлғалардың креативтік әлеуеті қазіргі заманның құбылмалылығына, еңбек нарығындағы бәсекелестікке төтеп бере отырып, өздерінің кәсіби қызметін сапалы атқаруға септігін тигізеді. Сондықтан, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің өздігінен білім алуына, кәсіби өзіндік санасының қалыптасуына, өзін-өзі дамытуына, өзін-өзі жүзеге асыруына, кез келген бастамаларын қолдауға, креативтілікке баулуға күш салуымыз қажет.

ӘДЕБИЕТ

[1] Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.[Электрондық ресурс]. - Кіру режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319> [Қаралған күні: 17.06.2024]

[2] Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы 09 қаңтар 2023 жыл.[Электрондық ресурс] Кіру режимі: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-adiletty-kazakstannyn-ekonomikalik-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-18333> [Қаралған күні: 17.06.2024]

[3] Csikszentmihalyi, M. (1996). Creativity: Flow and the psychology of discovery and invention. New York Harper/Collins. - Access mode: URL: <https://digitalauthorship.org/wp-content/uploads/2016/01/csikszentmihalyi-chapter-flow-and-creativity.pdf> [Date of access: 19.08.2021]

[4] Дилтс, Роберт (1993) «НЛП: управление креативностью» Издательство «Питер». Режим доступа: <https://www.litres.ru/book/robert-dilts/nlp-upravlenie-kreativnostu-4239255/chitat-onlayn/> [Дата обращения: 17.06.2024]

[5] Маслоу А. Мотивация и личность. 3-е изд. / Пер. с англ. — СПб.: Питер, 2019. — 400 с.

[6] Васючкова Э.С. Креативность личности: индивидуальный феномен или общественный? Вестник КазГУКИ. - 2013. - №4—1.

[7] Рындак В.Г. Формирование креативности будущего учителя при изучении педагогических дисциплин. Человек и образование Академический вестник Института педагогического образования взрослых РАО - 2014. - №2 (39) - Режим доступа: https://obrazovanie21.narod.ru/Files/2014-2_004-009.pdf [Дата обращения: 17.06.2024]

[8] Qarkaxhija, J., Assanova, Z., Igenbayeva, R., Toxanova, S., Yensebayeva, G., Myrzanova, A., & Turlugulova, N. (2023). Development of the Creative Potential of Future Teachers Based on Smart Education. *International Journal of Emerging Technologies in Learning (iJET)*. – 2023. - 18(24). - pp. 19–33.

[9] Бахрах, Э. (2022). Эффективное мышление. Настрой свой мозг на счастье и продуктивность. (Куприянова, Е. пер.) Москва : Манн, Иванов и Фербер. - Режим доступа: <http://flibusta.site/b/687563/read> [Дата обращения: 17.06.2024]

[10] Donald L. Kirkpatrick and James D. Kirkpatrick. *Transferring Learning to Behavior: Using the Four Levels to Improve Performance*. Berrett-Koehler Publishers Copyright © 2009. - Access mode: URL: https://www.bkconnection.com/static/Transferring_Learning_to_Behavior_EXCERPT.pdf [Date of access: 19.08.2021]

11 Egamova A., Yakubov, K. Developing professional creative skills of future teachers in the technology field of education. // *Psychology and Education Journal*. - 2023. - 58(1). - pp. 5021-5028

REFERENCES

[1] Bilim twralı Qazaqstan Respwblıkasınıñ 2007 jılǵı 27 şildedegi № 319 Zańı (Law of the Republic of Kazakhstan No. 319 of July 27, 2007 on Education). [Elektronıq reswrs]. - Kirw rejimi: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_ [Qaralǵan küni: 17.06.2024] [in Kaz]

[2] Qasım-Jomart Toqaevtıñ «Ädiletı Qazaqstannıñ ékonomikalıq baǵdarı» atlı Qazaqstan xalqına Joldawı 09 qańtar 2023 jıl (Address of Kassym-Zhomart Tokayev to the people of Kazakhstan entitled "Economic orientation of a fair Kazakhstan" January 09, 2023) [Elektronıq reswrs] Kirw rejimi: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-adiletı-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-18333> [Qaralǵan küni: 17.06.2024] [in Kaz]

[3] Csikszentmihalyi, M. (1996). *Creativity: Flow and the psychology of discovery and invention*. New York Harper/Collins. - Access mode: URL: <https://digitalauthorship.org/wp-content/uploads/2016/01/csikszentmihalyi-chapter-flow-and-creativity.pdf> [Date of access: 19.08.2021]

[4] Dilts, Robert (1993) «NLP: wpravlénie kreatıvnostyu» İzdatelstvo «Pıter» (Address of Kassym-Zhomart Tokayev to the people of Kazakhstan entitled "Economic orientation of a fair Kazakhstan" January 09, 2023). Rejım dostwpa: <https://www.litres.ru/book/robert-dilts/nlp-upravlenie-kreativnostu-4239255/chitat-onlayn/> [Data obraşçeniya: 17.06.2024] [in Rus]

[5] Maslow A. Motıvacıya i liçnost. 3-e izd. / Per. s angl. — SPb.: Pıter, 2019. — 400 s.

[6] Vasyuçkova É.S. Kreatıvnost liçnostı: iñdıvdwalny fenomen ili obşçestvennyy? (Personality creativity: individual phenomenon or public?) *Vestnik KazGWKİ*. - 2013. - №4–1. [in Rus]

[7] Rındak V.G. Formırovanıe kreatıvnostı bwdwşçego wçıtelya prı izwçeniı pedagogıçeskıx dısciplın (Formation of creativity of the future teacher when studying pedagogical disciplines). *Çelovek i obrazovanıe Akademıçeskıy vestnik İñstıtıwta pedagogıçeskogo obrazovaniya vzroslyx RAO* - 2014. - №2 (39) - Rejım dostwpa: https://obrazovanie21.narod.ru/Files/2014-2_004-009.pdf/ [Data obraşçeniya: 17.06.2024] [in Rus]

[8] Qarkaxhija, J., Assanova, Z., Igenbayeva, R., Toxanova, S., Yensebayeva, G., Myrzanova, A., & Turlugulova, N. (2023). Development of the Creative Potential of Future Teachers Based on Smart Education. *International Journal of Emerging Technologies in Learning (iJET)*. – 2023. - 18(24). - pp. 19–33.

[9] Baxrax, É. (2022). Éffektıvnoe mışlenıe. Nastroy svoy mozg na şçaste i prodwktivnost (Effective thinking. Tune your brain to happiness and productivity). (Kwprıyanova, E. per.) Moskva

: Mann, İvanov i Ferber. - Rejım dostwpa: <http://flibusta.site/b/687563/read> [Data obraşçeniya: 17.06.2024] / [Data obraşçeniya: 17.06.2024]

[10] Donald L. Kirkpatrick and James D. Kirkpatrick. Transferring Learning to Behavior: Using the Four Levels to Improve Performance. Berrett-Koehler Publishers Copyright © 2009. - Access mode: URL: https://www.bkconnection.com/static/Transferring_Learning_to_Behavior_EXCERPT.pdf [Date of access: 19.08.2021]

[11] Egamova A., Yakubov, K. Developing professional creative skills of future teachers in the technology field of education. //Psychology and Education Journal. - 2023. - 58(1). - pp. 5021-5028

РАЗВИТИЕ ТВОРЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ТЕХНОЛОГИИ «МЕЧТАТЕЛЬ, РЕАЛИСТ И КРИТИК»

*Нурбекова С.М.¹

*¹КазНацЖенПУ, Алматы, Казахстан

Аннотация. В статье подробно рассматриваются сегодняшний уровень и важность развития креативности будущих учителей начальных классов, а также возможности будущих учителей не только осваивать инновации, но и быть готовыми к быстрым изменениям в обществе в целом, в том числе в системе образования. Ведь такие изменения требуют изменения личности учителя, постоянного самосовершенствования, совершенствования творческой деятельности. В ходе исследования были рассмотрены пути повышения ответственности педагогов за свою профессию в условиях цифровизации, глобализации, развития прикладных навыков и подготовки будущих учителей в условиях постоянно обновляемых образовательных стандартов, самосовершенствования, стремления к применению на практике, поиска новых идей с креативностью. Проведен анализ работ исследователей, связанных с понятиями креативности и ее уровней, креативной личности. Научно доказаны пути достижения высокого уровня саморазвития, обмена опытом в креативной среде, поддержки педагогов как условий развития креативности будущего учителя. В определении эффективности применения метода Роберта Дилтса «мечтатель, реалист и критик», послужившего основой для развития креативности будущих специалистов, были проанализированы такие эффективные методы, как метод Дельфи, латеральное мышление Эдварда де Боно (латеральное мышление), «Синектика» Уильяма Гордона, теория решения изобретательских задач. Кроме того, было продемонстрировано и заключено несколько техник Эстанислао Бахраха, которые использовались для определения креативности будущих учителей начальной школы. На основе методики определены уровни обучения подходу к проблеме под другим углом зрения, глубокому пониманию и действию через ассоциацию понятий, достижению творческого мышления. Также определена важность саморазвития, самореализации, поискового стремления к творчеству в совершенствовании креативности обучающихся.

Ключевые слова: креативность, качество знаний, будущий учитель, креативная личность, мечтатель, реалист и критик, творческое мышление, идея, эффективность обучения, креативные методики

DEVELOPING THE CREATIVE POTENTIAL OF FUTURE PRIMARY SCHOOL TEACHERS USING THE TECHNOLOGY "DREAMER, REALIST AND CRITIC"

*Nurbekova S.M.¹

*¹Kazakh National Women's teacher training University, Almaty, Kazakhstan

Abstract. The article examines in detail the current level and importance of developing the creativity of future primary school teachers, as well as the possibilities of future teachers not only to master innovations, but also to be prepared for rapid changes in society as a whole, including in the education system. After all, such changes require a change in the teacher's personality, constant self-improvement, and improvement of creative activity. The study examined ways to increase teachers' responsibility for their profession in the context of digitalization, globalization, the development of applied skills and training of future teachers in the context of constantly updated educational standards, self-improvement, striving for practical application, and the search for new ideas with creativity. The analysis of the works of researchers related to the concepts of creativity and its levels, creative personality is carried out. The ways of achieving a high level of self-development, sharing experiences in a creative environment, and supporting teachers as conditions for developing the creativity of a future teacher have been scientifically proven. In determining the effectiveness of the Robert Dilts method "dreamer, realist and critic", which served as the basis for the development of creativity of future specialists, such effective methods as the Delphi method, lateral thinking by Edward de Bono (lateral thinking), "Synectics" by William Gordon, theory of inventive problem solving were analyzed. In addition, several Estanislao Bahrah techniques were demonstrated and concluded, which were used to determine the creativity of future elementary school teachers. Based on the methodology, the levels of learning to approach the problem from a different angle, deep understanding and action through the association of concepts, and the achievement of creative thinking are determined. The importance of self-development, self-realization, and the search for creativity in improving the creativity of students is also determined.

Key words: creativity, quality of Education, future teacher, creative personality, Dreamer, realist and critic technology, ideas, teaching efficiency, creative methods

Мақала түсті: 12 қыркүйек 2024